



## БҰЙРЫҚ

20. 02. 2017 № 204

Қарағанды қаласы

## ПРИКАЗ

город Караганда

**«Қарағанды қаласының білім бөлімі» ММ  
ведомствосына қарасты білім беру  
ұйымдарының басшылары үшін сыбайлас  
жемқорлыққа қарсы стандартты  
бекіту туралы**

«Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 986 Жарлығына, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, білім беру ұйымдарында қолдампаздық, тамыр-таныстық және жақын туыстарының тікелей бағыныштылығы үшін жағдай жасауды болдырмау туралы, 2017 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлық қаупін жою бойынша іс-шаралар жоспарын орындау үшін **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Білім беру ұйымдарында сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылықты жасау, қолдампаздық, тамыр-таныстық және жақын туыстарының тікелей бағыныштылығы үшін жағдай жасауды болдырмау туралы осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт бекітілсін (қосымшаны қарау).
2. «Қарағанды қаласының білім бөлімі» ММ ведомствосына қарасты білім беру ұйымдарының басшылары осы сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты орындау бойынша қажетті шараларды қабылдасын.
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау «Қарағанды қаласының білім бөлімі» ММ басшысының орынбасарлары Р.А. Кенешоваға, А.Д. Мештаевқа, ұйымдастыру-кадр жұмыстары секторының меңгерушісі М.Е. Кашеноваға жүктелсін.

Басшы

Д. Жекебаев

0022304

«Қарағанды қаласының  
білім бөлімі» ММ басшысының  
«02 02» 2017 жылғы  
№02 бұйрығына қосымша

Білім беру ұйымдарында сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылықты  
жасау, қолдампаздық, тамыр-таныстық және жақын туыстарының тікелей  
бағыныштылығы үшін жағдай жасауды болдырмау туралы  
**сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт**

1. Өзінің құзырлығы шегінде басқару және басқа шешімдерді дайындау мен қабылдау кезінде:
  - 1.1. кадрларды туыстық, жерлестік және жеке басына берілгендік белгілері бойынша іріктеу мен орналастыру жағдайларына жол бермеу, меритократия қағидаттарының сақталуын қамтамасыз ету;
  - 1.2. бағынысты қызметкерлердің міндеттері мен қызметтік өкілеттіктерінің көлемін нақты анықтау;
  - 1.3. бағынысты қызметкерлері арасында еңбек жүктемесін тең бөлмеуді болдырмау;
  - 1.4. олардың қызмет нәтижелерін бағалау кезінде әділдік және шыншылдық таныту, сондай-ақ мадақтау және жазалау шараларын қолдану;
  - 1.5. анық орындалмайтын немесе олардың қызметтік міндеттері шегінен шығатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін өкімдерді бермеу;
  - 1.6. қызметтік емес сипаттағы мәселелерді шешу кезінде бағынысты қызметкерлердің қызметіне ықпал ету үшін өзінің қызметтік жағдайын пайдаланбау;
  - 1.7. бағынысты қызметкерлерін сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылықты жасауға мәжбүрлемеу;
  - 1.8. бағынысты және басқа қызметшілер тарапынан сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама нормаларын бұзу фактілерін болдырмау және олардың жолын кесу;
  - 1.9. бағынысты қызметкерде қызметтік міндеттерін орындау барысында орын алған мүдделер жанжалын реттеу бойынша түбегейлі шараларды уақтылы қабылдау;
  - 1.10. бағынысты қызметкерлермен сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылықты жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою;

- 1.11. бағынысты қызметкерлермен құмар ойындарға қатысудан тартыну;
- 1.12. бағынысты қызметкерді қызметтік емес немесе жеке тапсырмаларды орындауға тартуды болдырмау;
- 1.13. тікелей немесе тура басшылыққа пайда болған мүдделер қақтығысы, қызметтік міндеттерін орындау кезіндегі жеке қызығушылықтары туралы, сыбайлас жемқорлық мінез-құлқыны және сыйлықтар алуға бейімділігі туралы баяндау;
- 1.14. қызметтік міндеттерін орындау кезінде жеке және пайдакүнемдік мүддесін басшылыққа алмау;
- 1.15. әріптестеріне және басшылығына бекітілген өзара қарым-қатынас тәртібін бұзатын, олардың әділ қызметтік шешімін қабылдауға ықпал етуі мүмкін заңсыз өтініш білдіруден тартыну;
- 1.16. басқа тұлғаларды сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылық жасауға итермелемеу және қолдамау;
- 1.17. әріптестеріне, басшыларға және басқа лауазымдық тұлғаларға сыйлық бермеу;
- 1.18. қызметтік өкілеттілікті орындауға сәйкес сыйлықтар қабылдамау;
- 1.19. мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтарды алу және шығару мақсатында таратуға жатпайтын қызметтік және өзге ақпаратты пайдаланбау;
- 1.20. туыстық қатынастағы (ата-аналары, ері немесе зайыбы, аға-інілері, апа-сіңлілері, балалары, туыс аға-інілері мен апа-сіңлілері, аталары, әжелері, зайыбының (ерінің) жақын туыстары) тұлғалар атқаратын қызметке тікелей бағынысты және бақылауындағы лауазымға байланысты болатын лауазымға тағайындалудан бас тарту;
- 1.21. сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет етуге, сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылықты анықтауға белсенділік таныту;
- 1.22. басшылыққа мәлім болған сыбайлас жемқорлық фактілері туралы, сондай-ақ материалдарды жылдам қарастыру немесе әуре-салсаңға салу үшін қандай да бір пайда табуға бейімделу туралы тез баяндау;
- 1.23. орындауға өкімді алу заңдылығына күмәндану туралы тікелей басшыға тез арада жазбаша түрде хабар беру;
- 1.24. тікелей басшы мүдделер қақтығысына өзі қатысқан болса, жоғары тұрған басшылыққа өтініш білдіру;
- 1.25. ұжымнан жоғары құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің сақталуын талап ету және қолдау;
- 1.26. туындауы мүмкін мүдделер қақтығысының себептері мен жағдайларын, сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылықты және олардың салдарын жою бойынша тұрақты түрде шаралар қабылдау.

2. Нормативті құқықтық актілер жобасын дайындау кезінде:
  - 2.1. заңдылық қағидатын, Қазақстан Республикасы Конституциясының, заңдарының және басқа нормативті құқықтық актілерінің талаптарын басшылыққа алу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы қатаң сақтау;
  - 2.2. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес құқықтық және нормативті құқықтық актілерді қабылдау кезінде дискрециялық нормалардың, екіұшты, тиянақсыз тұжырымдаманың болуына, жеке және (немесе) ұжым мүддесінде қолданыстағы заңнамада кемшіліктерді және қайшылықтарды қолдануға жол бермеу;
  - 2.3. нормативті құқықтық актілерді қабылдау кезінде қолданыстағы заңнамамен белгіленген тікелей өкілеттіліктің болуын басшылыққа алу.
3. Тіршілік саласының ерекшелігіне байланысты пайда болатын басқа қарым-қатынастар кезінде:
  - 3.1. сыбайлас жемқорлық себептерін анықтау, бұзушылық фактілерінің қайталануын болдырмау, сыбайлас жемқорлық қаупін зерделеу мақсатында мемлекеттік органдар мен ұйымдарда сыбайлас жемқорлықтың көрініс табу фактілерін тұрақты түрде зерделеу;
  - 3.2. сыбайлас жетқорлыққа қарсы іс-әрекет бойынша іс-шаралар жүйесін енгізу тиімділігін арттыру жөнінде ұсыныс шығару және басшылыққа енгізу;
  - 3.3. материалдық-техникалық және өзге қамтамасыз ету құралдарын, басқа мемлекеттік мүлікті тек лауазымдық міндеттерін орындауға сәйкес қолдану.
4. Басқа шектеулер мен тыйымдар:
  - 4.1. лауазымды тұлғаларға, білім беру ұйымдарының басшыларына өздерінің кәсіби қызметтік жұмысына саяси партиялар, басқа қоғамдық бірлестіктер, діни бірлестіктер мен басқа ұйымдар шешімдерінің ықпал ету мүмкіндігіне жол бермейтін бейтараптық таныту қажет;
  - 4.2. лауазымды тұлғалар, білім беру ұйымдарының басшылары сайлау алдындағы үгіт үшін, сондай-ақ референдум мәселелері бойынша үгіт үшін лауазымдық жағдайының артықшылығын қолданбауы қажет;
  - 4.3. лауазымды тұлғалар, білім беру ұйымдарының басшылары лауазымдық өкілеттіктерін саяси партиялар, басқа қоғамдық бірлестіктер, діни бірлестіктер мен басқа ұйымдар мүддесінде қолданбауы керек;

- 4.4. қызметтік тәртібінде лауазымды тұлға, білім беру ұйымының басшысы адам, оның құқығы және бостандығы басты құндылық болып табылатыны және әр азамат жеке өміріне қол сұқпаушылыққа, жеке және отбасылық құпияға, ар-намысы мен қадір-қасиетін, өзінің адал атын қорғауға құқылы екені туралы конституциялық тәртіпті негізге алуы қажет;
- 4.5. лауазымды тұлғаның, білім беру ұйымы басшысының тәртібі тәкаппарлық, дәрекілік, адамға әдепсіз қарым-қатынас көрсетумен байланысты болмайтын, тіл тигізуге, оның тарапына қоқан-лоқыға жол бермейтін айқын болуы қажет;
- 4.6. лауазымды тұлға, білім беру ұйымының басшысы бағынысты қызметкерлерге мінез-құлқымен үлгі болуы қажет (адал, әділ, қарапайым, сыпайы, ақ пейілді, қамқоршыл болуы, азаматтармен және әріптестерімен қарым-қатынаста төзімділік танытуы);
- 4.7. лауазымдық міндеттерін орындау кезінде лауазымды тұлғаның, білім беру ұйымы басшысының сыртқы көрінісі қызмет жағдайына және қызметтік іс-шараның тұрпатына байланысты азаматтардың мемлекеттік органдарға құрметпен қарауға ықпал етуі, ресмилік, байсалдылық, дәстүрлік, ұқыптылық ерекшелендіретін көпшілік мақұлдаған іскерлік стильге сәйкес келуі қажет.

**Басшы**



**Д.Жекебаев**

Орын.Т.Е.Слямов  
343236